

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(129)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахимжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500
(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Азкенова Ж., Оразаева Қ.</i> Н. Гогольдің «Ескілікті помещиктер» повесіндегі Данте архетипі және апостасиясы	8-15
<i>Байділдаева Н., Негимов С.</i> Жетес би тағылымы	16-23
<i>Байтанасова Қ.</i> Мәтін теориясының кейбір мәселелері	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңа ізденістер	32-38
<i>Жапанова М., Нұрманова Ж.</i> Асанәлі Әшімовтің «Арылу прозасы»: жанрлық әртектілігі	39-46
<i>Қалиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Герольд Бельгердің шығармашылық даралығының қалыптасуы	47-52
<i>Қожашев М.</i> Жамбылдың жыршылық өнері: қалыптасуы мен ерекшелігі	53-60
<i>Мәжіева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Қазақ эпостарында полигамиялық некенің көркем бейнеленуі	61-66
<i>Найманбай А.</i> Заман шындығы: ақиқат пен көркемдік шешім сабақтастығы ...	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Қазіргі қазақ жастар поэзиясындағы қоғам бейнесі	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Жыршы-жыраулар мектептерінің зерттелуі	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Юсуп А.</i> Ы.Алтынсариннің «Шариат-ул ислам» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы	87-92

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентті есімдер: фольклордың ықпалы және әлем мәдени кеңістігіндегі орны (неміс тілі материалы негізінде)	93-98
<i>Біжкенова А., Сәбитова Л.</i> Құрылымдық бөлімшенің ғылыми қызметі - университеттің даму компоненттерін зерттеудің маңызды бағытының бірі ретінде	99-107
<i>Досжан Г.</i> Кірме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтік тәсілдер	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> «Тағам» атауы: лексика-семантикалық аядағы мәдени-таңба бірліктері	119-124
<i>Жұмағұлова А., Сыздықова Г.</i> Лингвэкология және медиакөңістік	125-132
<i>Жұмаханова А., Біжкенова А.</i> Бағалау - қарым-қатынастың сөйлеу актісі	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – тіл теориясы мен танымды байланыстырушы бірлік	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Атаулы грамматикалық категориялардың имплициттілігі	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Лингвофилософиялық дәстүр сабақтастығы: әл-Фарабиден В. фон Гумбольдке дейін	159-166
<i>Өтебалиева Г., Қасқабасова Х.</i> Коммуникативтік құзіреттілік - шет тілін оқыту үдерісін зерттеу аспектісі	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Рождестволық құттықтауларды талдау ерекшелігі - саяси дискурсы элементі	177-184

Әдеби шолу

<i>Қайыржанов А.</i> Шәкәрім. Шынайы ізгілікті іздеу	185-189
--	---------

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Azkenova Zh., Urazayeva K.</i> Dante's archetype and apostasy in the novel of «Old World Landowners» by N. Gogol	8-15
<i>Beydildaeva N., Negimov S.</i> Jetes Biy's Edification	16-23
<i>Baitanasova K.</i> On Some Issues of Text Theory	24-31
<i>Yessenova A., Orazbek M.</i> The latest research related to the poetry of Galym Zhaylybay	32-38
<i>Zhapanova M., Nurmanova Zh.</i> Assanali Ashimov's «Confession Prose»: Genre Diversity	39-46
<i>Kalieva A., Maukeeva A., Rysbaeva A.</i> Formation of Herold Belger's Creative Individuality	47-52
<i>Kozhashev M.</i> Zhambyl's Poetic Art: Formation and Poetry	53-60
<i>Mazhyeva N., Baltabaeva Nazim, Yussup P.</i> The Art Image of Polygam Marriage in Kazakh Epics	61-66
<i>Naimanbai A.</i> Reality of the Era: Continuity of Truth and Literary Solutions	67-72
<i>Salikzhanova Sh., Karipzhanova G.</i> The image of society in modern Kazakh poetry ...	73-79
<i>Sailauova A.</i> On Research of Zhyrshy-Zhirau Schools	80-86
<i>Seisenbiyeva E., Madibayeva K., Yussup A.</i> Muslim Enlightenment in Y. Altynsarin's Works «Shariat-ul Islam»	87-92

Linguistics and methodics

<i>Abdykhanova B., Meirambekova L.</i> Precedent Names: Influence of Folklore and Its Place in World Cultural Space (based on the German language)	93-98
<i>Bizhkenova A., Sabitova L.</i> Scientific Activity of Structural Divisions as One of the Important Components in the Development of a Research University	99-107
<i>Doszhan G.</i> Integrative Approaches to Studying Borrowed Words	108-118
<i>Yerbulatova I., Salimov T</i> Culture-Marked Units of the Lexical-Semantic Field «Food»	119-124
<i>Zhumagulova A., Syzdykova G.</i> Linguoecology and Media Space	125-132
<i>Zhumakhanova A., Bizhkenova A.</i> Evaluation as a Speech act of Communication	133-140
<i>Ilyassova N.</i> Syntagma – a Unit Combining Language and Cognitive Theory	141-150
<i>Kadeyeva M., Dmitryuk N., Narozhnaya V.</i> On Implicitness of Nominal Grammatical Categories	151-158
<i>Tuleubayeva S.</i> Linguophilosophy from al-Farabi to V. von Humboldt: Continuity of Tradition	159-166
<i>Utebalieva G. , Kaskabassova Kh.</i> Communicative Competence: As an Aspect in Studying the Process of a Foreign Language Acquisition	167-176
<i>Shingareva M., Narozhnaya V.</i> Peculiarities of Analyzing Christmas Messages as an Element of Political Discourse	177-184

Literature Review

<i>Kairzhanov A.</i> Shakarim. The quest for absolute good	185-189
--	---------

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Азкенова Ж., Уразаева К.</i> Дантовский архетип и апостасия в «Старосветских помещиках» Н. Гоголя	8-15
<i>Бейдильдаева Н., Негимов С.</i> Назидания Жетес бия	16-23
<i>Байтанасова К.</i> О некоторых проблемах теории текста	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Поэзия Галыма Жайлыбая в свете новых исследований ...	32-38
<i>Жапанова М., Нурманова Ж.</i> «Исповедальная проза» Асанали Ашимова: жанровое многообразие	39-46
<i>Калиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Становление творческой индивидуальности Герольда Бельгера	47-52
<i>Кожашев М.</i> Поэтическое искусство Жамбыла: становление и особенности.....	53-60
<i>Мажиева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Художественное изображение полигамного брака в казахских эпосах	61-66
<i>Найманбай А.</i> Реальность эпохи: преемственность правды и художественного решения	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Образ общества в современной казахской молодежной поэзии	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Об исследованиях сказительских школ (школ жырышы и жырау) ...	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мадиева Қ., Юсуп А.</i> Мусульманское просветительство в трудах Ы.Алтынсарина «Шариат-ул ислам»	87-92

Лингвистика и методика

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентные имена: влияние фольклора и его место в мировом культурном пространстве (на материале немецкого языка)	93-98
<i>Бижкенова А., Сабитова Л.</i> Научная деятельность структурных подразделений как одна из важных составляющих развития исследовательского вуза	99-107
<i>Досжан Г.</i> Интегративные подходы к изучению заимствованных слов	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> Культурно-маркированные единицы лексико-семантического поля «Еда»	119-124
<i>Жумагулова А., Сыздыкова Г.</i> Лингвоэкология и медиапространство	125-132
<i>Жумаханова А., Бижкенова А.</i> Оценка как речевой акт коммуникации	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – единица, связывающая теорию языка и познания	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Об имплицитности именных грамматических категорий	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Преемственность традиций в лингвофилософии: от аль-Фараби к В.фон Гумбольдту	159-166
<i>Утебалиева Г., Каскабасова Х.</i> Коммуникативная компетенция как аспект в изучении процесса усвоения неродного языка	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Особенности анализа рождественских поздравлений как элемента политического дискурса	177-184

Рецензия

<i>Каиржанов А.</i> Шакарим. Поиски абсолютного добра	185-189
---	---------

FTAMP 17.07.41

Ақжарқын Есенова¹, Мақпал Оразбек²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ¹esenova_akzharkyn@mail.ru, ²makpal_zere@mail.ru)

Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңа ізденістер

Андатпа. Мақалада поэзия жанры соның ішінде қазіргі қазақ поэзиясының бағыт-бағдарлары мен көркемдік ерекшеліктері талқыланып, соған сәйкес тұжырымдар жасалынды. Қазақ поэзиясының алтын жауһары саналатын ақын Ғалым Жайлыбай поэзиясының тілдік, көркемдік ерекшеліктеріне сүйене отырып, ақынның дүниетанымы мен көзқарасы жайлы сөз етіледі. Поэзияның басты өзегі – халық тұрмысымен қатар өмір сүретін ақын жүрегінің басты ерлігі түсіндіріле отырып, талданады.

Ақын Ғалым Жайлыбай өз поэзиясының басым бөлігін тұрмыстық және тарихи жырларға арнаған. Сондықтан да ондағы жыр шумақтары тікелей нақтылық пен реттілікке құралған. Қазақ поэзиясына әкелген жаңашыл ізденістері мен тың көзқарастары оқырман жүрегіне жаңаша серпін сыйлағаны сөзсіз. Олай болса, ақынның аңыз бен ақиқатқа негізделген поэзиялық туындылары жан-жақты түсіндіріліп, тұжырымдалады.

Түйін сөздер: жанр, поэзия, жаңашылдық, шумақ, лирикалық шегініс.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-32-38>

«Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңашыл ізденістер» тақырыбындағы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру жобасы бойынша орындалды (келісімшарт №132, 12 наурыз, 2018 жыл)

Кіріспе. Қазіргі қазақ поэзиясы өзіндік ерекшелігі, мағыналық құрылымы жағынан ерекше сипатта дамып келеді. Оның мәнісі қазіргі қазақ поэзиясындағы сан түрлі тақырыптардың көрініс беру жағдайы. Сондай-ақ, өлең түрлері, бейнелілік пен талғампаздық, авторлық қолданыстар, ақын және ондағы «мендік» идея арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара білуін жайын ұмытпауға тиіспіз. Дәл мұндай жаңалықтар әдебиеттің әр саласында әрқалай көрініс береді. Әсіресе, қазақ поэзиясында ол мүлдем ерекше сипатқа ие. Мәселен, қазіргі қазақ поэзиясының жаңа қарқында дамуы, постмодернистік бағыттың өрістеуіне біршама жылдар қажет болды. Қазіргі қазақ поэзиясының Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімов, Г.Салықбай, Ғ.Жайлыбай, М.Райымбекұлы сынды ақындарды жатқызамыз. Сондай-ақ қазақ поэзиясында ізденісте жүрген ақындардың қатарында Ерлан Жүніс, Тоқтарәлі Таңжарық, Талапбек Тынысбекұлы, Ілияс Мұқаев, Мирас Асан өлеңдері көпшіліктің көңілін қуантады. Мұның барлығы қазақ поэзиясының қарыштап дамуына, жаңашыл ізденістердің пайда болуына септігін тигізеді.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ әдебиеті өкілдерінің туындылары қай кезеңде болмасын әдебиет ғылымының шынайы ғылыми нысанына айналып, жан-жақты қырынан зерделеніп келеді. Бүгінгі ғылыми мақаламызда ақын Ғалым Жайлыбайдың аңыз бен ақиқатқа негізделген поэзиялық туындылары жан-жақты талқыланып, талданып, тұжырымдалады. Тәуелсіздік кезеңінде қазақ ақындарының басым көпшілігі поэзия жанрына ерекше ықыласпен бет бұрды. Әсіресе, поэма жанрының өзіндік қолтаңбасы нақтыланып, анықталып, ақындардың көркемдік шабыты одан сайын шыңдала түсті.

Шын мәнінде, ақындық я болмаса жазушылық қасиет кім көрінгеннің басына қона салатын бақ емес. Ол да болса табиғаттың сол адам баласына беретін сыйы. Сондықтан да, ондай дарындарды бағалап, қадірлей білгеніміз жөн. Сонда ғана әдебиет дамиды. Дәл сондай ақын – Ғалым Жайлыбай.

Ақындық – Алладан берілетін ұлы сый. Қандай ақын болмасын ол сол ұлт деңгейіне көтерілу мақсатын алға қояды. Мәселен, халықтың қамын, ұлтты жарлау ол жай ғана сол жайлы жыр жазу емес, керісінше бүкіл шығармашылық болмысыңмен сол ұлтқа табыну, оның бар болмысын өз бойыңа сіңіру. Сондықтан, қазіргі көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, тәуелсіздік жайлы жырламаған ақын кемде кем. Сол ұлы азаттықты таным-түйсігімен сезіне, түсіне жырлаған ақын сирек. Сол сиректердің бірі – ақын Ғалым Жайлыбай. Ақын әрі журналист Ғалым Жайлыбай 1993 жылы Қазақтың менеджмент, экономика және болжау институтын әлеуметтанушы мамандығы бойынша тәмамдаған. Бірқатар жылдар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде және сан түрлі басылымдарда қызмет атқарған. Ақын өзінің әдебиет пен өнерге деген алғашқы белестерін «Жұлдыз» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газеті Бас редакторының орынбасары және «Қазақ радиосының» Бас редакторы қызметтерінде болған сәттерінен бастаған. Қаламгер өзінің шығармашылық жолында бірқатар кітаптарын жарыққа шығарып үлгерген. Атап айтсақ, оның қатарында көпшілікке таныс «Жанымның жапырақтары» (1988), «Жүрегімнің жұлдызы» (1966), «Құс қанаты» (2001), «Қарашығымдағы қара өлең» (2006) және «Ардакүрең», «Есіл ағады», «Тағдырымның тамыры» (2008) сынды жыр жинақтары жарық көрген.

Қаламгердің сан қырлы қасиеті оны біраз белестерге көтерді. Өзінің жан-жақтылығының арқасында поэзиялық шығармалары Қазақстаннан бөлек басқа да елдерде танылуда. Яғни, ақынның өлеңдері орыс, украин, түрік, қырғыз халықтарының тілдеріне аударылған. Өнер мен өмір жолындағы ақын еңбегін бағалау мақсатында бірнеше мадақтар мен жетістіктерге қол жеткізді. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (1999). «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздікке 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Қазақ ақындары жыр мүшәйраларының бірнеше мәрте жеңімпазы. Түркияның Сапанша қаласында өткен (2001) халықаралық жыр мерекесінде «Ақшам жұлдызы» арнайы сыйлығын иеленген. Ресей халықаралық Жазушылар ұйымының С.Есенин атындағы Алтын медалінің иегері (2009). Ақындық тұлға - лирикалық қаһарманның бойына сіңіп, онымен тұтасып бірігіп кеткен рухани болмыс ретінде қарастырылды. Мұның барлығы да ақын Ғалым Жайлыбай шығармашылығына және шығармаларына тән ерекшеліктер мен құбылыстар.

Біз қашанда поэзияның адам жанының құпиясынан жаратылғанын білеміз, сезінеміз. Аристотель айтқандай: «Басқа өнердің бәрі де адамзат қолынан жасалса, поэзия құдайдың құдіретінен жаратылады» [1, 18 б.], - дегенді еріксіз мойындаймыз.

Тілі шырайлы, ойы құнарлы, сезімі сергек, көркем образға бай, серпінді, еркін тынысты өлеңдері мен толғау дастандары арқылы ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ халқының өлең өнерін өрелі биікке көтерген Ғалым Жайлыбай жырларында ұрпақтар сабақтастығын, уақыт байланысын арқау еткен поэтикалық идея, туған дала және оның жыршысының бейнесі арқылы өрнектеледі.

ХХ ғасырдың 30-жылдары қазақ лирикасындағы айрықша байқалған ерекшелік - адамдарға қатысты бейнелеулердің бәрін, табиғат құбылыстарына байланыстырып жырлау. Мәселен, ақынның «Күндерім күнмен жарысып...» атты өлең жолдарынан үзінді келтірсек:

Арқаға барсам сыр ұғам,
Аппақ әлемге жақындап.
Қасқыр боп қаңтар ұлыған,
Сары аяз тісі сақылдап.

Ұшатын күн бұл Айға арман,
Көңілдің көлбеп құстары.
Мұз-қайрақпенен қайралған

Найза-шыңдардың ұштары [2, 56 б.], - деген өлең шумақтары арқылы ақын

табиғат құбылысы мен адам көңіл-күйін үндестіріп, сыршыл өлең негізінде өреді. Табиғатты суреттеуде ақын кейіптеу, ауыстыру, теңеу сияқты көркемдегіш құралдарды ұтымды пайдаланады. Ғ.Жайлыбай поэзиясы өзінің сыршыл болмысын бірде қаңтардың қысына, бірде сары аязға теңей отырып үндестіреді. Асқақ арманын айға теңеп, көңілінің қаяу түскен шақтарын мұз-қайрақпен ұштастырады.

«Алматыға Арқадан көшіп келгем» атты өлеңінде ақын өзінің туған жерге деген ыстық махаббатын ерекше іңкәрлікпен жырлайды:

Өміріме өлеңді несіп көргем,
Жырларымның жұлдызын жандырам деп
Алматыға Арқадан көшіп келгем,
Жүк түсірер жүрекке шаттық аса.

Ай-хай, өмір!
Арманға асықтырдың.
Ғашық қылдың...
Содан да тасып күлдім.
Пәтер емес, сенсеңіз...
Келіп тұр ғой
Жыр-орданың есігін ашып кіргім.
Қондым, рас, шалғайлау ағайыннан,
Бар тілегім - айырма бал айымнан.
Алматыға ауылдан көшіп келдім,
Ендігісін көрейін талайымнан [2, 83 б.].

Өмірге құштарлық, ақынның туған жеріне, ұлтына деген терең сүйіспеншілік сезімін, биік құлшынысын туындатады. Бала арманын жүзеге асыру мақсатында Алматыға қоныс аударуын үлкен тебіреніспен жырлаған ақын толғанысы, туған жерге деген адалдығы мен түзу ниетінен хабар береді.

Сондай-ақ, ақын бейнелеген ұлттық рух, қасиет пен кие, бүгінгі ұрпақтың жүрегінде жүрсе бұл өткенімізді ұмытпай, ата-бабадан мұра болған рухани құндылықтарды, рухани болмысты сақтағанымыз. Осы тұста ақынның «Ұлылықпен сырласу» атты өлеңіне тоқталып өтсек:

Шыңғыс таулардың шындығы болып,
Шабыттан туған ұлы Абай
Заманның ішке сұмдығы толып,
Қаңтар боп кетті құралай.

Уақыт-мергеннің нысанасына
Жамбы боп талай байландық,
Қанатың барда ұша аласың ба -
«Қалың ел, қазақ, қайран жұрт?»

Оң сапар болар намысқа еріп,
Көлікті болса көш егер.
Үш арыс туған - арыстан едік,

Тышқан боп кетсек кеше гөр! [2, 98 б.], - деген өлең жолдары арқылы ақын өзінің, заманының қателіктері үшін ұлылардан кешірім сұрауда. Әрине, Абай - қазақ халқы үшін шындық пен адалдықтың символы. Оның жырларынан нәр алып өскен қазақ баласы үшін қазіргі дәуірдің жасандылығы, расында да ішті өртеп, өзекті кернері анық. Ақын Ғалым Жайлыбай осы өлең шумағы арқылы оқырманды үлкен ойға жетелері сөзсіз.

Сонымен қатар, ақын Ғалым Жайлыбайдың қазақ әдебиетінде ойып орын алатын ең озық туындысы - «Қара орамал» поэмасы. Символикалық үлгіде алынған тақырып негізі де қазақ даласына үлкен апат әкелген (Карлаг) лагері жайлы. Қаншама қазақ әйелдерін қара жамылдырып, балаларын жетім еткен, қазақ даласына апат боп келген бұл жағдай жауапсыз қалмайтыны ақиқат. Бүгінде үлкен мәселе ретінде көтеріліп жүргендіктен де болар, ақын осы жағдайды өз шығармасын арқау еткен. Бір ғажабы, поэманың бастауын мынадай ұлы сөздермен ашқан:

«Жамандық жасасаң да, жақсылық жасасаң да жауапсыз қалмайды» [3, 127 б.], және «Шындыққа жеткен адамға емес, оны іздеп жүрген адамға сеніндер» [3, 48 б.], - деген ұлы дүниелерді алға тартады.

Шын мәнінде: «...ГУЛАГ құрылымындағы ең үлкен сала - Қарағанды еңбекпен түзеу лагерьлері (Карлаг) 1931 жылы 19 желтоқсанда ОГПУ - ҚазИТЛАГ-қа қараған «Гигант» совхозының негізінде құрылды. Орталығы Қарағанды облысының Долинка селосында орналасты...» [4, 23 б.].

Дүр сілкіңтер дүниенің дүрмегі ауыр,
Күнде дабыр бұл тірлік
Күнде дауыл.
Алаш жұрты
Азаптың аралы ма -
Қарағанды лагері
Бұл не лагерь?..

Сарыарқаның қойнауы мәңгі жасыл,
Деп ойлама ерке қыз, қаңғыбас ұл!
Сен де міндің келместің кемесіне -
Қанды қасап жасаған, қанды ғасыр! [3, 6 б.].

Қай жағынан алып қарасақ та, бұл поэманың негізгі бастауы мен, шиеленісу, даму сәті, жалпы мақсаты да ойран болған қазақ даласының қайтадан қалпына келуін жолындағы арман жол баяндалады. Қазақ даласында шоғырланған мұндай лагерлерде 4 миллионға жуық адамдар жатқан. Солардың 1.5 миллионы осы Карлаг лагерінде болған екен. Солардың азапты ғұмыры ақын шығармасында үлкен тебіреніспен жырланған.

Зерттеуші М.Базарбаев: «Поэзия – әдебиеттің көне саласы, жасаған сайын жасара түсетін жанды сала» [5, 3 б.], - дейді. Шындығында, поэзия өнері қоғамдағы жасампаз дүниелерді көркемдік жағынан үндестіретін шынайы, табиғи құбылыс.

«Поэзия – жүректің сөзі. Жүректен шыққан көркем сөз кем дегенде мың жүрекке сіңіп жатқан бұла сезімнің талықсып бас көтеруіне себепкер болады. Өлеңнің өнерлісі де, өнегесі де сол, ол әуелі адамдық көзқарасты ғана жырлап қоймайды, оны азаматтық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін шарықтатып көтереді. Адамзаттық асқар сезімнің шыңы ұлттық сезімдерге өлең арқылы оянып рухани дамуына ерекше күш салады» [6, 56 б.]. С.Әшімбаевтың бұл пікірінен, әлбетте поэзия ол – әрқашанда халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, тарихын, ой-арманын, рухани дүниетанымын танытатын өнер деп түсінгеніміз жөн.

Ғасырлар қойнауынан тартқан мол тарихи құндылық, сан-салалы дәстүр, алуан стильдік тармағы бар әдебиеттің даму жолына тыңнан соқпақ қосу - кез-келген дарынды деген қаламгерлердің де қарыштауына тигізер зор іс. Ақын-жазушының баршасы дарынды бола бермейтіні секілді, әр дарын халықтың сөз өнеріне айтарлықтай соны сүрлеу қоса алмасы хақ.

«Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Қай жағынан алып қарасақ та, дәстүр ұлттың шынайы мінезі мен көзқарасынан хабар береді. Оның жалғастығынан

көркемдік дәстүр ерекшеліктері туындайды. Себебі, ұрпақ өзіне дейін өмір сүрген барша ұрпақтар, ата-бабамыз сіңірген, игерген рухани мұраны қолданып, ұғынып, оны әрі қарай жетілдіріп отырады. Міне, сонда ғана қоғам дамиды. Өрекет жүзеге асады» [7, 28 б.], - деп Немат Келімбетов жазады.

Әдеби мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында әр түрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір нұсқалар қайталанып келеді. Әдеби термин ретінде А. Веселовский мен В.Я. Пропп еңбектерінде зерттеле бастады. Бұл зерттеушілер әр халық әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, бір әдебиеттен екінші әдебиетке, дәуірден дәуірге көшіп жүрген сюжеттік сарындар бар деп қарайды. Алайда ұқсас сюжеттік сарындарды өз дәуірінен нақтылы шығармалардағы көркемдік шешімінен, ұлттық әдеби процестен бөліп алып, жеке қарастыру ұтымды бола бермейді. Ұқсас сарындар көп жағдайда өмірдің өзінен туады, оларды халықтың өмір – тұрмысындағы ұқсас жағдайлардың әдебиеттегі көрінісі деуге лайық. Кейде олар сараланып, іріктеліп қалыптасқан дәстүрлі сарындар болады. Немесе, шығарманың құрамындағы бір айшықтың жеке бөлігі сияқты болып келеді, мысалы, ауыз әдебиетіндегі сиқырлы айна, ақымақ қатын бейнесі, әкесі мен баласының жекпе – жегі, абжыланның ханшаны ұрлап әкетуі тағы сол сияқты. Кейбір жанрда тұрақты сарындар, мотивтер ұшырасады. Мұндай сарындар кейде жеке – дара ашылып, бертін келе автордың өзіндік суреткерлік шеберлігімен, дүниетанымын, көркемдік шығарма құрылымы мен ұштастырылып қарала бастады.

Кімнің жаңашыл, кімнің жалған жаңашыл екендігін қоғамның шынайы сыры мен болмысы айғақтап жатыр. Ал, жалпы көркем өнердегі, оның ішінде әдебиеттегі жаңашылдық, біздіңше, өмір шындығын молынан қамтитын, қоғамдық сананың бұрын-соңды көрсетілмеген жаңа жақтарын ашу мүмкіншілігін арттырумен, игі иманды идеяларды аса көркем, кестелі тәсілдермен жеткізумен, жаңа мазмұнға сай жаңа оралымдар қалыптастырумен, соның нәтижесінде жаңаша стильдік арнаның туындауына, сондай-ақ ұлттық болмыстың бейнелеу сатыларын байытумен тығыз байланысты болса қажетті. Дәл осындай сипатты ақын Ғалым Жайлыбай поэзиясынан кездестіруге болады. Себебі, оның жаңашыл болуына ең алдымен, қоғамдық орта әсер етуде. Біздер сөз еткен, ақын Ғалым Жайлыбай поэзиясының ұлттық ерекшелігі мен ұлттық болмысының сыры да оның тілінің көркемдігінде болар. Сондықтан, ақын тілі – ол жанды тіл.

Дағды, ғұрып, әдет, салт деген түсініктердің өзі де осы түсінікке келіп саяды. Оларды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Себебі, дәстүр ешқашан жойылмайды, тек қана тез-тезден өзгеріске ұшырап отырады. Ұзақ жылдар бойына орысшыл мінез дендеп енген халықтың санасына, тіпті ежелгі таптық көзқарастың ауысуына қарамастан, ұлттық дәстүр өз деңгейін, өз тыныштық қалпын жоймай, сақтап қалды. Мұның өзі сол ұлттың және сол ұлтқа қызмет ететін ұлы тұлғалардың даралыған танытады. Демек, дәстүр мен жаңашылдық сол ұлттың психологиясына негізделеді.

Қорытынды. Қаламгер қаламының қуатын оның сөзінен, ойын қоғамдық ісінен, психологиясын ұлт перзенті ретінде халқын сүюінен көреміз. Ұлттық сезімінен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлардың әсер етуінен ол тұлға сипатына енеді.

